

Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университет
Аграрлық факультет
«Агротехнология және Орман ресурстары» кафедрасы

Алматы облысы жағдайында 40 га жер
көлемінде жас және өнім беретін алма бағын
күту технологиясы



Мақсаты:

- Жоғары сапалы өнім алу
- Халықты жергілікті алмамен қамтамасыз ету




Алматы облысы бауға ағаштарды орналастыру

1га = 370-550
ағаш
7 жылда =
38-43ц

6X4м




40га = 14800
7 жылда = 1520ц



Бау шаруашылығындағы негізгі жұмыстардың календары

| | |
|----------|---|
| Январь | Көң апару, улы химикаттар мен минералдық тыңайтқыштар тасу, қар тоқтату |
| Февраль | Құрал жабдықтарды дайындау, ағаш қаңқа бұталарын тазалау, бөрікбасын қырку, аналық бауларда қалемшелер дайындау. |
| Март | Ағаштарды қырку, бөрікбас формаларын қалыптастыру, кесіктерді сырлау, бұтақтарды әктеу, алма күйесі мен кенесіне қарсы бүркіп дәрілеу. Аумастырып телімдеу. |
| Апрель | Көң тасу, суару жүйелерін тазалау, суаруға дайындау, бұтақтарды әктеу, кеуек, жарақаттарды бітеу, 1- суару, көктеген жерлерді дәрілеу, телімдеу жұмыстары аяқталады. Топырақ өңдеу, үсікке қарсы әзірлену және күресу |
| Май | Басталған жұмыстарды аяқтау, ақұнтақ күйеге қарсы бүрку |
| Июнь | Суару, зиянкестермен қарсы жұмыстар жүргізу.зиянкестерді ұстау белдіктер байланады. |
| Июль | Топырақ өңдеу , суару, азот тыңайтқыштарды енгізу, сидерат егу, шөп шабу, жаздық сорт алмаларды жинау |
| Август | Жаздық және күздік сорт жинау, суару |
| Сентябрь | Күздік қыстық сорт жинау , сақтауға қою, кенеге қарсы бүркіп дәрілеу, күзгі топырақ өңдеу жұмыстары, Фосфорлы тыңайтқыштар енгізу |
| Октябрь | Ағаш діңгегінің айналасын қопсыту, белдіктерді жинау өртеу, қысқа суару |
| Ноябрь | Топырақ өңдеу, қысқа суару аяқтау, қатар аралықтарын тазалау |
| Декабрь | Көң дайындау, транспорт құралдарын жөндеу, тыңайтқыштар мен улы химикаттар тасу. |

Пальметта әдісі






Пальметта Буше-Тома

□ «Не түгел құрту, не тимеу»

Пальметта бойынша қалыптастырылады. Бір жылдық шыбықтарды қатарлардың бойымен 30 бұрыш жасап көлбеу отырғызылады. Әр бір қос шыбықты бір біріне қарсы бүгеді, өсіңкіреген кезде біріне бірін қосарлап байлайды. Отырғызылған кезде ағаштың ұластырылған жері: ауыр топырақта төрт см дейін, жеңіл топырақта он см дейін тереңге жіберіледі. Осындай тереңде отырғызылғанда қосалқы тамыр пайда болады да ағаштың жақсы өнуін қамтамасыз етеді және оны қоректік заттарға тарығудан сақтайды.




Итальяндық пальметта



- Италияндық пальметта үшін ағаштардың бір жылдық шыбықтары отырғызылады. Олар 70-80 см де қырқылады. Шыбықта пайда болған бұтақшалардан июль август айларында ең жақсы дамығандарын таңдап алады. Олардың біреуінен жетекші бұтақ қалыптастырылады. қатардың бағытына қарай орналасқан екі бүйір пальметтаның бірінші ярусын қалыптастыруға пайдаланады.

Пальметта әдіс түрлері өнімділігі



Қорытынды

- Қорыта келгенде, бау өсірудің әдеттегі әдістерімен салыстырғанда, пальметта әдісі анағұрлым рентабельді. Бір га арналастырылатын ағаштардың саны көпболуына байланысты, ағаштардың отырғызызуға және оларды күтуге жұмсалатын шығын әдеттегіден біраз көп болғанымен, пальметте әдісі бұл шығындарды неғұрлым тез қайтаруға баудың әр ганан өнімді мейлінше көп алуға , сөйтіп көп пайда түсіруге мүмкіндік береді. Және де осы бағытта итальяндық пальметта өте жоғары көрсеткішті көрсетті.
- Егер бауды әдеттегі әдіспен өсіргенде оған жұмсалған шығын ағашты отырғызғаннан кейінгі оныншы он үшінші жылдары өтелетін болса, пальметта әдісімен өсіргенде ол шығын бесінші алтыншы жылдары өтеледі.
- Тағы бір атап өтетін артықшылықтарының бірі ол , жеміс беріп тұрған бауды күтуге кететін шығынның көбі жинауға кететін болса пальметта әдісімен бұл жұмысты едәуір жеңілдетеді. Өйткені жеміс ағаштары аласа болғандықтан жемісті жинаған кезде ауыр сатыларды және басқа құралдарды пайдаланудың керегі жоқ болып қалады.
- Шет елдердің тәжірибесімен біздің еліміздегі бағбандардың табыстары мынаны дәлелдеген болатын: « пальметте әдісінің болашағы күшті, сондықтан ол бау шаруашылығын интенсифтендірудің негізі болуға және барлық жерде кеңінен қолдануға тиіс ». - деген екен.